

Өнеркәсіп үлгісіне өтінімді жасау, ресімдеу және қарау, мәліметтерді Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік үлгілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізу, сондай-ақ қорғау құжатын беру ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2012 жылғы 24 ақпандағы № 91 Бұйрығы.
Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 4 сәуірде № 7518 тіркелді
«Қазақстан Республикасының Патент Заңы» 1999 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 19-бабының 4-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес Өнеркәсіп үлгісіне өтінімді жасау, ресімдеу және қарау, мәліметтерді Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік үлгілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізу, сондай-ақ қорғау құжатын беру ережесі бекітілсін.

2. «Өнеркәсіптік үлгілерге патентті беруге өтінімді жасау, ресімдеу және қарастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2009 жылғы 6 тамыздағы № 101 бұйрығының (нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2009 жылдың 4 қыркүйегінде № 5772 тіркелген, Қазақстан Республикасының Орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында, 2009 жылғы, № 11 жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы комитеті заңнамамен қарастырылған тәртіпте аталған бұйрықты мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Әділет министрінің орынбасарына жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Б. Имашев

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2012 жылғы 24 ақпандағы
№ 91 бұйрығына қосымша

Өнеркәсіп үлгісіне өтінімді жасау, ресімдеу және қарау, мәліметтерді Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік үлгілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізу, сондай-ақ қорғау құжатын беру қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 30.06.2015 № 362 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Өнеркәсіп үлгісіне өтінімді жасау, ресімдеу және қарау, мәліметтерді Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік үлгілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізу, сондай-ақ қорғау құжатын беру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) «Қазақстан Республикасының Патент заңы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 19-бабының 4-тармағына сәйкес әзірленген және өнеркәсіп үлгісіне өтінімді жасау, ресімдеу және қарау, мәліметтерді Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік үлгілерінің мемлекеттік тізіліміне (бұдан әрі - Мемлекеттік тізілім) енгізу, сондай-ақ қорғау құжатын беру тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар мен терминдер пайдаланылады:

- 1) Бюллетень - «Қазақстан Республикасының өнеркәсіп меншігі» ресми бюллетень (бұдан әрі - Бюллетень);
- 2) ДЗМҰ - Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымы (бұдан әрі - ДЗМҰ);
- 3) конвенциялық өтінім - 1883 жылғы 20 наурыздағы Өнеркәсіп меншігін қорғау

жөніндегі Париж конвенциясына сәйкес берілген өтінім;

4) ИНИД халықаралық кодтары - өнеркәсіптік үлгілерге қатысты библиографиялық мәліметтердің сәйкестігін анықтайтын сандық кодтар (бұдан әрі - ИНИД);

5) өтінім - өнеркәсіптік үлгіге патент беруге арналған өтінім (бұдан әрі - өтінім);

6) өнеркәсіптік үлгілердің халықаралық сыныптамасы - Локарн Келісімімен 1968 жылғы 8 қазанда қабылданған өнеркәсіптік үлгілердің сыныптамасы (бұдан әрі - ӨҮХС);

7) Париж конвенциясы - кейінгі өзгертулермен және толықтырулармен қоса алғанда, 1883 жылғы 20 наурыздағы өнеркәсіп меншігін қорғау жөніндегі Париж конвенциясы (бұдан әрі - Париж конвенциясы);

8) сараптама жасау ұйымы - мемлекеттік монополияға жататын салалардағы (өнертабыстарды, пайдалы модельдерді, өнеркәсіптік үлгілерді қорғау саласында қызмет көрсету) қызметті жүзеге асыратын уәкілетті органға ведомстволық бағынысты ұйым;

9) уәкілетті орган - Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі.

2. Өнеркәсіптік үлгіге өтінімді жасау және рәсімдеу тәртібі

3. Өтінімді өнеркәсіп үлгісіне қорғау құжатын алуға құқылы тұлға (бұдан әрі - өтінім беруші) береді:

1) өнеркәсіп үлгісінің авторлары;

2) егер өнеркәсіп үлгісі қызметтік болып табылса, жұмыс беруші;

3) құқықтық мирасқоры (құқықтық мирасқорлары), соның ішінде беру тәртібімен тиісті құқық алған тұлға (тұлғалар);

4) осы тармақта көзделген тұлғалар бірлесіп, олардың арасында келісім болған кезде.

Өтінім беру және қызметтік өнеркәсіптік үлгіге патент алу құқығы жұмыс берушіге тиесілі, егер жұмыс беруші арасындағы шартпен өзгеше көзделмесе.

Автор жасаған, оның өзінің қызметтік міндеттерін орындауымен байланысты емес немесе жұмыс берушіден нақты тапсырмамен алынған емес болса, сондай-ақ жұмыс берушінің ақпаратын, материалдық, техникалық және өзге де құралдарын пайдаланумен байланысты болмаса, авторға тиесілі болады, егер автор мен жұмыс беруші арасындағы шартпен өзгеше көзделмесе.

Өтінім беруге құқықты қандай-да бір құжатпен растаудың қажеті жоқ.

4. Өтінім беруді өтінім беруші өзі дербес немесе патенттік сенім білдірілген өкілі немесе сенімхатты бере отырып, өзге де өкіл арқылы жүзеге асыра алады.

Патенттік сенім білдірілген өкілдің немесе өзге де өкілдің өкілеттері өтінім беруші, патент иеленуші берген сенімхатпен расталады.

5. Өтінімде:

1) осы Қағидалар қосымшасына сәйкес нысанында өнеркәсіптік үлгіге Қазақстан Республикасының патентін беру туралы өтініш (бұдан әрі - өтініш) (3 данада);

2) бұйымның (бұйымдардың) өтінілетін үлгі (үлгілер) туралы толық нақты түсінік беретін қайта шығаруға жарамды суреттерінің немесе макеттерінің жиынтығы (жалпы түрі - 8 дана, қосымша түрі - 4 дана);

3) оның елеулі белгілерін қамтитын өнеркәсіптік үлгінің сипаттамасы (2 данада);

4) өкіл арқылы істі жүргізу жағдайында сенімхат;

5) Өнеркәсіп үлгісіне Қазақстан Республикасы Әділет министрінің «Ұлттық зияткерлік меншік институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның іске асыратын жұмыстары мен қызметтеріне бағаларды бекіту туралы» 2014 жылғы 18 желтоқсандағы № 368 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде 2014 жылғы 30 желтоқсанда № 10045 болып тіркелген) сәйкес өтінім берген үшін белгіленген мөлшерде ақы төленгенін растайтын құжат және оның мөлшері кемітілуі үшін негіздерді растайтын құжат қоса беріледі, олар өтініммен бірге немесе өтінім түскен күннен бастап екі ай ішінде табыс етіледі.

Тиісті төлем енгізілген жағдайда бұл мерзім ұзартылуы мүмкін, бірақ екі айдан аспауы керек.

Төлем жөніндегі құжаттар белгіленген мерзімде тапсырылмаған жағдайда өтінім берілмеген болып есептеледі.

Ауқымды өнеркәсіптік үлгіге өтінім бұйымның жалпы түрінің алдыңғы, оң жақ, сол жақ, артқы, үстіңгі 3/4 ракурстағы суретінің болуымен ұсынылады.

Суреттер бұйымның сыртқы келбетінің барлық шешімін жан-жақты түсінуді қамтамасыз етуге тиіс.

Тігін өнеркәсібі бұйымдары үшін алдыңғы және артқы келбеттері жеткілікті (манекенде).

Жазық өнеркәсіп үлгі үшін жоспардағы түрі ұсынылады. Текстиль бұйымдарының жазық өнеркәсіп үлгілері суретте қайталанатын раппортпен ұсынылуға тиіс.

Бұйым жиынтығының көркем-конструкторлық шешімі тұтас алғанда жиынтыққа кіретін әрбір бұйым түрін қарастыруға мүмкіндік беретін барлық жиынтықтың жалпы түрдегі суреттерімен қамтылады. Жиынтыққа кіретін әр бұйым барлық түрде жеке суреттер ретінде қосымша ұсынылады.

Жиынтықтардың немесе бұйым жиынтықтарының көркем-конструкторлық шешімдерін сипаттау үшін тиісті бұйымдардың көркем-конструкторлық шешімдерін сипаттау үшін пайдаланылатын белгілерінен басқа, атап айтқанда,

бөліктердің өзара байланыс сипатын;

элементтердің бір-біріне бағыныстығын;

түпкі элементтердің және осы элементтерді пайдалана отырып жасалған бұйымдардың, сондай-ақ тұтас барлық жиынтық пен жинақтың тепе теңдік қатарын көрсететін белгілер пайдаланылады.

6. Өтінім құжаттарына:

1) Конвенциялық басымдық сұрата отырып, Париж Конвенциясына қатысушы мемлекетте бұрын берілген алғашқы өтінімнің көшірмесі (бірнеше өтінімдер болса, осы өтінімдердің барлығының көшірмелері қоса беріледі) қоса беріледі және конвенциялық өтінім сараптама жасау ұйымына келіп түскен күннен бастап алты айдан кешіктірілмей ұсынылады.

Конвенциялық өтінімді басқа өтінім беруші тапсырған жағдайда, алғашқы өтінім берушінің басымдық құқығын пайдалануға рұқсаты қоса беріледі.

Конвенциялық басымдықты анықтау туралы өтініш өтінім берілген кезде немесе өтінім сараптама жасау ұйымына келіп түскен күннен бастап екі ай ішінде ұсынылады.

2) Қажет болған кезде өнеркәсіптік үлгіге жататын ақпараттың көпшілік алдында ашылу күні мен орнын растайтын құжат ұсынылады.

7. Өтініш келесідегідей толтырылады:

1) өтініш өтінім берген кезде және осы Қағидалардың 5-тармағының 1) тармақшасына сәйкес ұсынылады.

Тиісті бағандарға толық симайтын мәліметтер қосымша парақта өтініштің тиісті бағанында «өтінішке қосымшаны қараңыз» («Қоса берілетін құжаттардың тізімі» бағанның тиісті торында «X» белгісі қойылады) деп көрсете отырып сол нысан бойынша келтіріледі;

2) Өтініштің жоғарғы жағында орналасқан 21. 22 кодтары бар өтінім бағандары өтінім түскеннен кейін сараптама жасау ұйымы толтыруы үшін арналған және өтінім беруші толтырмайды;

3) өнеркәсіптік үлгіге патент беру туралы өтінішті қамтитын 71 коды бар бағанда «өтінім беруші (өтінім берушілер) атына» деген сөздерден кейін атына (аттарына) патент сұратылып отырған өтінім беруші (өтінім берушілер) туралы мәліметтер: жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (бұдан әрі – Т.А.Ә.) немесе ресми тіркеу туралы құжатқа сәйкес заңды тұлғаның толық ресми атауы, оған қоса елдің ресми атауы мен толық пошта мекенжайы келтіріледі. Шетел тілдегі аттар мен заңды тұлғалардың атаулары, сондай-ақ қазақ немесе орыс тілдерінде транслитерациямен көрсетіледі.

Өнеркәсіптік үлгінің авторлары болып табылатын өтінім берушілердің тұрғылықты жері туралы мәліметтер өтініштің екінші бетінде 72 коды бар бағанмен қатар тұратын бағанда келтіріледі.

Атына өнеркәсіптік үлгіге патент сұратылып отырған Қазақстан Республикасынан тыс жерде орналасқан немесе тұратын заңды немесе жеке тұлғалар үшін ДЗМҰ ST.3 стандарты бойынша елдің коды (бар болса) көрсетіледі.

Егер өтінім берушілер бірнешеу болса, аталған мәліметтер әрқайсысы үшін көрсетіледі;

4) басымдықты белгілеуді қамтитын баған сараптама жасау ұйымына өтінім берген күннен неғұрлым ертерек басымдық сұратылған кезде толтырылады. Бұл жағдайда «X» белгісін қоя отырып, тиісті торларда басымдық сұрату үшін негіздер және сұратылатын басымдық күні (өтінім немесе оған қосымша материалдар берілген күн) белгіленеді.

Егер басымдық бірнеше өтінімдер негізінде сұратылып отырса, барлық өтінімдердің нөмірлері және сұратылатын басымдықтың күндері көрсетіледі. Конвенциялық басымдық сұратылған жағдайда алғашқы өтінім берген елдің ДЗМҰ ST.3 стандарты бойынша коды (бар болса) көрсетіледі;

5) 54 коды бар бағанда өтінілетін өнеркәсіптік үлгінің (өнеркәсіптік үлгінің нұсқаларының) өнеркәсіптік үлгінің сипаттамасында келтірілетін атауымен сәйкес келетін атауы келтіріледі.

6) 98 коды бар бағанда Қазақстан Республикасының аумағындағы толық пошта мекенжайы және мекенжай иесінің аты немесе атауы келтіріледі, олар жедел пошта арқылы жеткізудің жай талаптарына сай болуы тиіс. Хат алмасу үшін мекенжай ретінде өтінім берушінің – заңды тұлғаның Қазақстан Республикасында тұратын мекенжайы, не өтінім берушінің (өтінім берушілердің) өкілінің, соның ішінде патенттік сенім білдірілген өкілдің (патенттік сенім білдірілген өкілдердің) тұрғылықты мекенжайы немесе Қазақстан Республикасының аумағындағы өзге де мекенжайы көрсетіледі;

7) 74 коды бар бағанда өтінім берушінің (өтінім берушілердің) өкілі, соның ішінде патенттік сенім білдірілген өкіл (патенттік сенім білдірілген өкілдер) туралы мәліметтер келтіріледі. Патенттік сенім білдірілген өкілді өтінім бергенге дейін тағайындаған жағдайда, оның Т.А.Ә., уәкілетті органдағы тіркеу нөмірі, тұрғылықты жерінің мекенжайы, телефон, факс (бар болса) нөмірі келтіріледі. Өкіл тағайындаған жағдайда жеке тұлға үшін Т.А.Ә., және заңды тұлға үшін ресми атауы, Қазақстан Республикасындағы тұрғылықты мекенжайы, телефон, факс нөмірі және электрондық пошта мекенжайы (e-mail) (бар болса) көрсетіледі;

8) Өтінімнің «Қоса берілген құжаттардың тізімі» бағаны тиісті торларда «X» белгісін қою арқылы және қоса берілетін құжаттардың даналар саны және әрбір данасындағы парақтар саны көрсетіліп толтырылады.

Нысанында өтінімнің түрі көзделмеген қоса берілген құжаттар («басқа құжаттар») үшін олардың қажеттігі нақты көрсетіледі;

9) 72 кодпен орналасқан бағанда автор (авторлар) туралы мәліметтер, Т.А.Ә., 97 коды бар бағанда тұрғылықты жерінің толық пошта мекенжайы, шетелдіктер үшін ДЗМҰ ST.3 стандарты бойынша елдің коды (егер болса) көрсетіледі;

10) 72 кодпен орналасқан бағанда автор өтінім беруші болған жағдайда, автордың қолы келтіріледі.

Автор өтінім бергенге дейін қайтыс болған жағдайда, мұрагердің қолы мен күні қойылады. Өтінім беру сатысында мұрагерлік құқығын растайтын ресми құжаттарды ұсыну талап етілмейді;

11) тікелей 72 коды бар бағанның астында орналасқан баған автор (авторлар) оны (оларды) патент беру туралы мәліметтерді жариялау кезінде автор (авторлар) ретінде атамауды сұраған жағдайда ғана толтырылады.

Бұл жағдайда жариялау кезінде аталмауды қалаған авторлардың әрқайсысының Т.А.Ә.

және олардың қолдары келтіріледі;

12) автор болып табылмайтын адам өтінім беруші болып табылған жағдайларда «Қолы» деген соңғы бағанды толтыру міндетті. Өтінімге заңды тұлға атынан ұйымның басшысы немесе лауазымы көрсетіліп, заңды тұлғаның құрылтайшы құжаттарымен уәкілетті өзге де адам қол қояды, қол осы заңды тұлғаның мөрімен бекітіледі; Егер өтінім берушілер бірнешеу болса, өтінімге өтінім берушілердің әрқайсысы қол қояды.

Өтінімді патенттік сенім білдірілген өкіл берген кезде өтінімге патенттік сенім білдірілген өкіл қол қояды. Қолдар қол қойған адамның Т.А.Ә. көрсетіліп ашылады;

13) өтінішке қатысы бар қандай да бір мәліметтер берілген әрбір қосымша параққа (өтінішке қосымшаның) осы тармақтың 8), 9), 10), 11) және 12) тармақтарда көзделген тәртіппен қол қойылады;

14) өтініш пен оған қосымшалар түзетулерсіз ұсынылады. Аталған кемшіліктер болған жағдайда дұрыс ресімделген өтініш немесе оған қосымша сұратылады.

8. Өнеркәсіптік үлгі ретінде өнеркәсіптік немесе қолөнер кәсіптік өндіріс бұйымының сыртқы түрін анықтайтын көркем конструкторлық шешім қорғалады.

Бұйым деп өнеркәсіптік немесе қолөнер кәсібінің кез келген бұйымын, құрама бұйымдарды, құрама бұйымдарға құрастыруға арналған дербес компоненттерді, орамаларды, заттаңбаларды, эмблемаларды, қаріптерді, бірлесе қолданылатын бұйымдардың жинақтарын (комплектісін), интерьер дизайнын түсінуге болады.

Бұйымдардың дербес бөліктеріне бұйымды пайдалану барысында көрінетін функционалды дербес бөліктері жатады.

Құрама бұйымды құрастыруға арналған компонентке құрама бұйымның функционалды дербес бөлігі жатады. Ол бұйымды құрастыру үшін қажет және бұйым бүтіндігін бұзбай қайта монтаждалып, құрама бұйымды құрастыру үшін қайта пайдаланылуы мүмкін.

Құрама бұйымдарға құрама бұйымды құрастыру үшін арналған компоненттерден тұратын бұйымдар жатады.

Жиынтыққа жалпы тағайындалуға және кешенді пайдаланылуға ие бұйым топтары жатады.

Өнеркәсіптік үлгілер көлемді және жазық болуы мүмкін.

Көлемді өнеркәсіптік үлгілер екі өлшемді құрылымы бар композиция болып табылады.

Бұйымның көркем-конструкторлық шешімі бұйымның сыртқы түрінің эстетикалық және/немесе эргономикалық ерекшеліктерін анықтайтын мәнді белгілердің жиынтығымен сипатталады.

9. Заңның 8-бабының 2-тармағында көрсетілген шешімдер өнеркәсіптік үлгі деп танылмайды.

Адастыруға әкеп соғуға қабілетті шешімдердің қатарына мемлекеттік елтаңбалармен, тулармен және басқа да мемлекеттік рәміздермен және белгілермен;

халықаралық және үкіметаралық ұйымдардың қысқартылған немесе толық атауларымен, олардың елтаңбаларымен, туларымен, рәміздерімен және белгілерімен;

ресми бақылау, кепілдік берілген таңбалармен, мөрлермен, марапаттармен және басқа да ерекшелік белгілерімен;

элементтер тиісті құзырлы органның келісімі болса, бұйымның сыртқы түрінің шешіміне енгізіледі.

тауар таңбасы ретінде халықаралық келісім-шартқа сәйкес Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіркеуге жол берілмейтін элементтермен, өйткені бұл элементтер халықаралық келісім-шартқа қатысушы - белгілі бір мемлекетте оның аумағынан (осы мемлекеттің географиялық нысаны шекарасында шығарылатын) шығарылатындай және айрықша сапаға, беделге немесе олардың шығу тегімен анықталатын басқа сипаттамаларына ие белгі ретінде бұйымды сәйкестендіруге мүмкіндік беретін және егер де өнеркәсіптік үлгі берілген географиялық нысанның аумағында шығарылмайтын бұйымдардың оралуына, таңбалануына арналған болса;

Қазақстан Республикасы халықтарының аса құнды нысандарының не болмаса дүниежүзілік мәдени немесе табиғи мұра нысандарының ресми атауларымен немесе суреттерімен, егер

патент олардың иесі болып табылмайтын тұлғалар атына, өнеркәсіптік үлгі ретінде мұндай шешімдердің тіркеуіне ие өкілеттігін алған иесі немесе тұлғаның келісімінсіз сұралып жатса;

өнеркәсіптік үлгіге өтінім берілген күні Қазақстан Республикасында, соның ішінде тауарлардың бір текті бұйымына қатысты Қазақстан Республикасының халықаралық келісім-шартына сәйкес қорғалатын өнеркәсіптік үлгіге басқа тұлғалардың белгілі тауар таңбаларымен;

тауарлардың бір текті бұйымдарына қатысты Қазақстан Республикасының «Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауарлар шығарылатын жерлердің атаулары туралы» Заңына сәйкес Қазақстан Республикасында жалпыға белгілі болып танылған басқа тұлғалардың тауар таңбаларымен;

өтінім беру күніне Қазақстан Республикасында танымал тұлғалардың есімдерімен, лақап есімдерімен немесе олардан туындайтын белгілермен, портреттерімен немесе факсимилелерімен осы адамдардың немесе олардың мұрагерлерінің келісімінсіз араласуға алып келуі мүмкін шешімдерге қайта жаңғыратын немесе ұқсас не жалпы әсер қалыптастыратын элементтерді құрайтын шешімдер жатады.

10. Өтінім бір өнеркәсіптік үлгіге немесе өзара байланыстылығы соншалық, олар біртұтас шығармашылық ойды (өнеркәсіптік үлгінің бірлігі талабын) құрайтын өнеркәсіптік үлгілер тобына қатысты болады;

бұйымның суреттерінде және өнеркәсіптік үлгінің мәнді белгілерінің тізілімінде бір бұйымның, соның ішінде тұтас бұйымның, оның дербес бөлігінің, бірге пайдаланылатын бұйымдар тобы жиынтығының көркем конструкторлық шешімі болып табылатын бір өнеркәсіптік үлгі ұсынылса;

бұйымның суреттерінде және өнеркәсіптік үлгінің мәнді белгілерінің тізілімінде біртұтас шығармашылық ойды құрайтын және біреуі тұтастай бұйымның сыртқы түрін, ал екіншісі (екіншілері) бұйымның оны пайдалану кезінде көрінетін дербес бөлігінің (бөліктерінің) сыртқы түрін айқындайтын және ӨҮХС бір шағын сыныбына жататын бір бұйымның көркем конструкторлық шешімі болып табылатын бірыңғай шығармашылық ойды құрайтын өнеркәсіптік үлгілер тобы ұсынылса;

бұйымның суреттерінде өнеркәсіптік үлгінің мәнді белгілерінің тізілімінде біртұтас шығармашылық ойды құрайтын және біреуі тұтастай бұйымның сыртқы түрін айқындайтын және ӨҮХС бір сыныбына жататын бір бұйымның көркем конструкторлық шешімі болып табылатын, бұл ретте шешімдердің әрқайсысы бұйымның сыртқы түрінің өз нұсқасын анықтайды, ал бұйымның сыртқы түрінің шешім-нұсқалармен байланысты негізгі эстетикалық және/немесе эргономикалық ерекшеліктері ұқсас болатын бірыңғай шығармашылық ойды құрайтын өнеркәсіптік үлгілер тобы ұсынылса, өнеркәсіптік үлгінің бірлігі сақталды деп танылады.

11. Өтінім берілетін әрбір өнеркәсіптік үлгі барлық түрлердегі суреттердің жеке жиынтықтарымен ұсынылады.

12. Жабылатын, жинақталатын, өзгерілетін бұйымдар осы бұйымдардың жабық және (немесе) ашық түріндегі суреттерімен қосымша ұсынылады.

13. Киімнің көркем-конструкторлық шешімінің фотосуреті манекен үстінде толықтай түсіріліп, ал аяқ киім, бас киім, тері галантереялық бұйымдары оның табиғи үлгілерінің жеке фотосуреттері түрінде көрсетіледі.

Киім және аяқ-киімнің көркем-конструкторлық шешімдері қосымша фотосуреттерде демонстраттар арқылы ұсынылады, бұйымдарды әзірлеу негізіне қатысты (өлшемі, толықтығы, бойы) жас тобы және антропометрикалық мәліметтері талаптарына сәйкес келеді.

Әрлеу элементтерінің сурет, құрылым, сызық және пішінінің ерекшелігі туралы толықтай мәлімет беру мақсатында, бұйым фотосуреті ұсынылады. Егер фотосурет ұсынылмаса, өтінілетін көркем-құрылымдық шешімнің ерекшелігін анықтауға мүмкіндік беретін эскиз суреттемесі ұсынылады.

14. Түсті графикалық (көркем түрлі түсті) шешім бұйымның мәнді белгілерінің бірі болып табылса, барлық қажетті суреттер түсті түрде ұсынылады.

Бұйымдардың суреттері нақты, анық, шартты емес, бейтарапты фонда, бөтен заттарсыз ұсынылады және бұйымның сыртқы түрінің элементтерін (белгілерін) жарық және оның көлеңке беттерінде қосымша түсіндірмелерсіз бірдейлендіруге мүмкіндік береді.

15. Фотосуреттер түріндегі суреттер 18x24 сантиметр (бұдан әрі - см) мөлшерде, басқа суреттер А4 форматында орындалады.

Мөлшерлері үлкен емес бұйымдар мен макеттері үшін 13x18 немесе 9x12 см мөлшерде фотосуреттері ұсынылу мүмкін.

Жалпы түрдегі фотосуреттің әр данасының сырт жағында төмендегідей мәліметтер кезек-кезегімен көрсетіледі:

фотосурет нөмірі;

өнеркәсіптік үлгінің атауы;

авторлар қолдары, оларды ашып көрсету;

өтінім берушінің атауы.

қосымша түрлі фотосуреттердің сырт жағында кезекпен төмендегілер көрсетіледі:

фотосуреті нөмірі «қырынан», «алдынан» және т.б. түсіндірумен;

өнеркәсіптік үлгінің атауы.

Прототип фотосуретінің сырт жағында фотосурет нөмірі бұйым атауы, прототип-анықтамасы көрсетіледі.

Фотосуреттер нөмірленеді - жалпы түрі, басқа да түрлері, түсті фотосуреті, прототип фотосуреті. Бір түрлі фотосуреттер бірдей нөмірленеді.

16. Өнеркәсіптік үлгінің суреттемесі сөздік түрде бұйымның сыртқы түрін сипаттау керек.

Суреттеме өнеркәсіптік үлгінің атауынан басталады. Атауының алдында қолданыстағы ӨҮХС редакциясының өнеркәсіптік үлгі жататын индексінің айдары көрсетіледі.

Сипаттамада мынадай бөлімдер қамтылады:

1) өнеркәсіптік үлгіні қолдану аясы мен оны белгілеу;

5) өнеркәсіптік үлгінің үйлес нұсқасы;

6) өнеркәсіптік үлгінің мәні;

4) өнеркәсіптік үлгінің маңызды белгілердің тізбесі.

Егер өтінім өнеркәсіптік үлгілер тобына берілсе сипаттама бөлімдері топтың әрбір өнеркәсіптік үлгісіне қатысты ақпаратты қамтуға тиіс.

Суреттемеде нөмірлеріне сәйкес, фотосуреттер, суреттер, сызбалар мен сондай-ақ басқа да суретпен көрсетілген материалдар көрсетіледі және олардың әрқайсысында кескіндеменің қысқаша сипаттамасы көрсетілген өнеркәсіптік үлгінің кескіндемелер тізбесі көрсетіледі.

17. Өнеркәсіптік үлгінің атауы қысқа және анық болады.

Жекеше түрде қолданбайтын атаулардан басқа, өнеркәсіптік үлгінің атауы оның белгілемесін сипаттайды және жекеше түрде мазмұндалады. Жаңа немесе аз танымал белгілеудегі өнеркәсіптік үлгінің атауы оның қолдану аясын мазмұндайды. Өнеркәсіптік үлгінің атауын ӨҮХС терминдеріне сәйкес ресімдеу ұсынылады.

Бұйымның жиынтығына, жиынына жататын өнеркәсіптік үлгінің атауы «жиын», жиынтық» деген сөздерден басталады.

Бір бұйымға жататын өнеркәсіптік үлгілер тобының атауы бұйымның жақшадағы «нұсқалар» деген сөзді және нұсқалар санын көрсете отырып толықтырылған атауын қамтиды.

Бұйымға және оның бөлігіне жататын, бұл ретте бұйым және (немесе) оның бөлігі нұсқалармен берілген, өнеркәсіптік үлгілер тобына өтінім берілсе, бұйымның тұтастай жақшадағы «нұсқалар» деген сөзді және нұсқалар санын көрсете отырып, жақшада (бұйым тұтастай) сөзді көрсете отырып толықтырылған атауын және жақшада «нұсқалар» деген сөзді және нұсқалар санын көрсете отырып және жақшада (бұйымның дербес бөлігі) көрсете отырып

оның бөлігінің толықтырылған атауын қамтуға тиіс.

Егер Қазақстан Республикасында қорғалатын тауар таңбаларына үшінші адамның құқықтары бұзылмаса, өнеркәсіптік үлгінің атауы арнайы немесе жалқы болуы мүмкін.

18. «Өнеркәсіптік үлгінің қолдану аясы мен оны белгілеу» суреттеме бөлімінде өтінілетін өнеркәсіптік үлгіні қолдану аясы, оны белгілеу туралы мәліметтері көрсетіледі.

19. «Өнеркәсіптік үлгінің үйлес нұсқалары» бөлімінде өтінілетін үлгіге біршама жақын үйлес нұсқаны көрсете отырып, анықталған үйлес нұсқаның сипаттамасы көрсетіледі, сондай-ақ келтірілген үйлес нұсқаларды мазмұндайтын ақпарат деректердің библиографиялық мәліметтері келтіріледі.

Өнеркәсіптік үлгінің үйлес нұсқаларына басымдық күніне дейін өтінім беріліп отырған өнеркәсіптік үлгімен қызметтік мақсаты бір, жалпыға қол жетерліктей болған мәліметтерден белгілі елеулі белгілерімен ұқсас бұйымның конструкторлық-көркемдік шешімдері жатады. Ең жақын үйлес нұсқа - ол өтінім беріліп отырған өнеркәсіптік үлгімен елеулі белгілері бойынша неғұрлым ұқсас нұсқа.

Өтінімде өнеркәсіптік үлгілердің нұсқалары болған жағдайда әрқайсысына ең жақын үйлес нұсқасы көрсетіледі.

20. «Өнеркәсіптік үлгінің мәні» бөлімінде оның елеулі белгілері өтінім берілген өнеркәсіптік үлгіні неғұрлым жақын үйлес нұсқадан ажыратуға мүмкіндік беретін белгілер бұйымның эстетикалық және/немесе эргономикалық ерекшеліктерін аша отырып көрсетіледі. Сипаттамада ұсынылған фотосуреттер мен суреттерге сілтеме жасалады. Бұл ретте өтінім беріліп отырған өнеркәсіптік үлгіні неғұрлым жақын үйлес нұсқадан ажыратуға мүмкіндік беретін белгілер ажыратылып көрсетіледі.

Осы бөлімде бұйымның эстетикалық және/немесе эргономикалық ерекшеліктері көрсетіледі және бұйымның сыртқы әлпетін қалыптастыратын маңызды сипаттардың әсер етуі және бұйымның сыртқы әлпетін қалыптастыратын маңыздыларға жатқызылған белгілердің әсер етуі түсіндіріледі.

Бұйымның сыртқы әлпетінің эстетикалық және/немесе эргономикалық ерекшеліктеріне:
көркемдік-ақпараттық мәнерлілігі;
нысанның ұтымдылығы;
эргономикалылығы жатады.

Бөлімде бұйымның сыртқы әлпетіне байланысты ерекшеліктерімен ерекшеленген қасиеттері де көрсетіледі.

Жиынтықты сипаттау кезінде оның құрамына кіретін форма жасаудың бірыңғай пластикалық және стилистикалық қағидатын пайдалану арқылы орындалатын барлық бұйымдар көрсетіледі.

Өнеркәсіптік үлгінің мәнін ашуда оны жүзеге асыруда әртүрлі қалыптарды суреттейтін балама түсініктер түрі ретінде белгісін көрсетуге болмайды.

Белгіні жүзеге асырудың әртүрлі қалыптарының бар болуында, әрқайсысы жоғарыда аталған қалыптардың бірін сипаттайтын белгіні қамтитын өнеркәсіптік үлгінің нұсқаларына өтінім беруге болады.

21. Бұйым суреттерінде көрініс тапқан өнеркәсіптік үлгінің елеулі белгілер тізбесі бұйым суретімен бірлесіп құқықтық қорғау көлемін анықтауға арналған.

«Өнеркәсіптік үлгінің елеулі белгілерінің тізбесі» бөлімінде, бұйымның статикалық жағдайдағы сыртқы әлпетін сипаттайтын, өнеркәсіптік үлгіні мәнін ашуға қарағанда барынша қысқаша айтылатын және мәнді болып табылатын барлық белгілер көрініс табады. Бұйымның сыртқы әлпетін сипаттағанда оны трансформациялау, нысан элементтерінің ережелерін өзгерту мүмкіндігін көрсетуге жол беріледі.

Өтінімде өнеркәсіптік үлгінің нұсқалары болған жағдайында, елеулі белгілер тізбесі барлық нұсқалар үшін ортақ мәнді белгілерді қамтитын, сондай-ақ өнеркәсіптік үлгінің тағайындалуын көрсететін текті түсінікті қамтитын бөлігі ретінде мазмұндалады, олардан

кейін аталған нұсқауға тән мәнді белгілер келтіріледі.

Тізбеге енген белгілер абсолютті көлеммен немесе бұйым элементтері көлемдерінің ажыратылмайтын қатысымдарымен көрсетілмейді. Тізбеге бұйымның таңбалануы болып табылатын қызметтік-тұтынушылық мәндегі графикалық суреттердің сипаттамаларын, егер олар эстетикалық және/немесе эргономикалық ерекшеліктерісіз стандартты тәсілдермен орындалса, енгізуге жол берілмейді.

Бұйымның сыртқы түрін сипаттауда жағдайын, өзара орналасу мүмкіндігіне ие элементтерді орындау үшін нұсқауға жол беріледі.

Өнеркәсіптік үлгінің белгілері тізбеде өтінім беруші ұсынған бұйым суретінің элементтерімен олардың визуалды сәйкестігінің мүмкіндігін қамтамасыз ететіндей көрсетіледі.

22. Көпблукты композициялы бұйымдардың көркем-конструкторлық шешімін сипаттау үшін: композициялық элементтер құрамы және оларды орналастыру, олардың пластикалық, графикалық, түсті және фактуралық шешімі сияқты белгілері пайдаланылады.

23. Негізінде дамыған көлемді-кеңістікті құрылым жатқан күрделі композициялы көркем-конструкторлық шешімдердің бұйымдары үшін: құрамы, олардың өзара орналасуы, қалпы және композициялық элементтерді пластикалық анықтап алу сияқты белгілері пайдаланылады.

24. Киімдердің көркем-конструкторлық шешімдерінің сипаттамасы үшін:

бөліктердің өзара қатысын көру арқылы анықтайтын модельдің көлемді сипаттамасы болып табылатын қалып;

модельдің жазық сүйекті сипаттамасы болып табылатын силуэт;

детальдар-киімнің кез келген бөлігінде оның жоғарғы бөлігін қаптайтын элементтер;

әрлеу - бұйымды пайдаға асыру тұрғысынан функционалды мәні жоқ, модель шешімінде сәндік рөл ойнайтын, пайдаланылуы бір уақытта технологиялық амал болып табылатын элемент;

бұйымның жеке бөліктерін қосып және ажыратуға арналған бұйым құрылымына кіретін, сонымен қатар сәндік элемент болатын фурнитура;

сәндік ерекшеліктері бар материал сияқты белгілері пайдаланылады.

25. Аяқ-киімдер көркем-конструкторлық шешімдердің бұйымдары үшін:

модельдің көлемді сипаттамасы болатын, колодка қалпы бар қалып;

жоғары және төмен құрылымы;

құрылым элементтерінің құрамы, қалпы және бірдей орналасуы;

сәндік ерекшеліктерге ие материал;

әрлеу детальдары;

фурнитура;

колористикалық шешім сияқты белгілері пайдаланылады.

26. Жиынтықтардың немесе бұйым жиынтықтарының (жиындарының) көркем-конструкторлық шешімдерін сипаттау үшін тиісті бұйымдардың көркем-конструкторлық шешімдерін сипаттау үшін пайдаланылатын белгілерінен басқа, атап айтқанда, бөліктердің өзара байланыс сипатын;

элементтердің бір-біріне бағыныстығын;

түпкі элементтердің және осы элементтерді пайдалана отырып жасалған бұйымдардың, сондай-ақ тұтас барлық жиынтық (жинақтың) тепе теңдік қатарын көрсететін белгілер пайдаланылады.

27. Баспа өнімнің көркем-конструкторлық сипаттамасында:

композициялық құрылымнан;

графикалық элементтерді түбегейлі пысықтаудан;

бейнелеу мотивтерінен;

өздан;

қаріптік графиканың орналасуы мен орындалуынан (жазулардың мағынасыз және/немесе фонетикалық мазмұнысыз);

бейнелі шешімінен көрініс беретін белгілер пайдаланылады.

Декоративтік безендіру және эстетикалық ерекшеліктерді келтіретін сыртқы түрін сипаттайтын елеулі белгілері жоқ баспа өнімдері қорғалмайтындарға жатады.

Егер әріптерді, сөздерді, сөйлемдерді, сандарды, сонымен қатар бұйымда арнайы белгі сипатына ие элементтерді қамтитын тауарды сипаттауға арналған баспа өнімі қарапайым мәтіндік блок түрінде стандартты қаріппен графикалық немесе түсті ерекшеліктерсіз орындалса, осындай мәлімделген объект қорғалмайтындарға жатады.

Осы бөлімде сонымен қатар өтінілген өнеркәсіптік үлгіні жүзеге асыру мүмкіндігі, яғни өтінім берушінің көрсеткен негізімен жүзеге асыру арқылы, қажет болса, қолданылатын материалдар мен технологиялық процестерді көрсету арқылы оның бұйымын өндірістік тәсілмен іске асыру мүмкіндігі туралы мәліметтер келтірілген.

Егер өтінілген көркем-конструкторлық шешімде өнеркәсіптік меншіктің басқа нысандарының бұйымы бар болып, оларға өтінім беріліп, қорғау құжаты алынып және бұл туралы өтінім беруші хабардар болса, бұл құжаттар туралы ақпарат көздерін анықтау үшін жеткілікті мәліметтер көрсетіледі.

28. Жеңіл өнеркәсіп бұйымдарына өтінім беру кезінде, егер бұйым құрылысы, фактурасы және колористикалық шешімі туралы түсінік беретін сәндік материалға, матаға, кілемдер жататын болса, сурет рапортының мөлшерінде (400x500 мм үлкен емес) бұйымның фрагменті ұсынылады.

29. Өнеркәсіптік үлгінің сипаттамасында ғылымда және техникалық әдебиеттерде жалпы қолданбалы терминдер пайдаланылады.

Әртүрлі қысқартуларды қолдануға жол берілмейді.

Бұйымдар немесе заттар марка, тип және сериялардың шартты белгілерінің мағынасын ашу керек.

30. Ақпарат деректерінің библиографиялық мәліметтері, ақпарат көздерін табуға болатындай көрсетіледі.

31. Сызбалар қара өшірілмейтін сызықтармен және нақты штрихтармен жасалады.

Графикалық кескіндемелер масштабы мен нақтылығы, 2/3 дейінгі сызбалық қысқартуларды көшіргенде барлық детальдарды ажыратып алуға мүмкіндігі болатындай ұсынылады.

Сызбадағы суреттер тік бұрышты (ортогональды) проекцияларда (түрлі нысандарда, тіліктерде және кесінділерде) ұсынылады. Көрнекілік үшін оны аксонометриялық проекцияда беруге болады. Сызбадағы әрбір элемент, оны анық суреттеу үшін тепе теңдіктердің айырмашылығы қажет болатын жағдайлардан басқа, барлық басқа элементтерге тепе тең орындалады.

Әрбір сызба (схема) фигура ретінде, мысалы (1 фиг., 2 фиг. және т.с.) суреттің түріне қарамастан бірыңғай нөмірлеу тәртібімен, оларды мәтінде атау кезегіне байланысты нөмірленеді. Егер сипаттама бір фигурамен түсіндірілсе, ол нөмірленбейді.

Сызбалар, схемалар және түсіндірме суреттер жеке бетте ұсынылады, оның оң жақтағы бұрышында өнеркәсіп үлгінің атауын келтіру, нұсқаның нөмірін көрсету ұсынылады.

32. Хат алмасуды өтінім беруші немесе өкілетті өкіл әр өтінім бойынша дербес жүргізеді.

Өтінім сараптау ұйымына тікелей, пошта, факс арқылы немесе электрондық құжат түрінде электрондық цифрлі қолмен расталып жіберіледі.

Материалдар сараптама жасау ұйымына тікелей немесе пошта арқылы ұсынылады.

Өтінімді бергеннен кейін жіберілетін материалдар оның нөмірін және өтінім беруші мен оның өкілінің қолын қамтиды.

Сараптау ұйымында іс жүргізу қазақ тілінде немесе орыс тілінде жүргізіледі. Басқа тілдегі материалдарға қазақ тіліндегі немесе орыс тіліндегі аудармасы қоса беріледі.

Аударма сараптама жасау ұйымына өтінім келіп түскеннен кейін екі ай ішінде ұсынылады.

Аударманы белгіленген мерзімде жеткізгенге дейін басқа тілде ұсынылған материалдар қарастырылмайды. Бұл туралы өтінім беруші он жұмыс күні ішінде хабардар болады.

Материалдар факсимильді байланыс арқылы жіберілуі мүмкін. Факс арқылы жіберілген материалдардың түпнұсқалары факс арқылы түскен күнінен бастап бір ай ішінде ұсынылады. Материалдардың келіп түскен күні олардың факс арқылы түскен күні болып есептеледі.

Егер материалдардың түпнұсқалары мерзім өткеннен кейін келіп түссе немесе факс арқылы келіп түскен материалдар ұсынылған материалдарға сәйкес болмаса, материалдар түпнұсқаның келіп түсу күніне түскен болып саналады, факс арқылы келіп түскен материалдардың мазмұны ары қарай қарастырылмайды.

Егер өтінімнің факс арқылы келіп түскен қандайда бір материалдары немесе олардың бөлігі оқылмайтын немесе келіп түспеген болса, тиісті материалдар түпнұсқалардың келу күніне келіп түскен болып саналады.

Электрондық цифрлі қолды пайдалана отырып электрондық түрде берілген өтінім, егер оны берген кезде оны беру күніне осы тармақта көрсетілген талаптар сақталған болса, сараптама жасау ұйымының ресми сайтында не Қазақстан Республикасы Үкіметінің «www.egov.kz» сайты арқылы тіркеледі.

Электронды түрде берілген өтінімнің жиынтық суреттерінің түпнұсқалары олар электронды түрде түскен күннен бастап бір ай ішінде сараптама жасау ұйымына қағаз түрінде беріледі.

33. Өтінім берушінің сараптама жасау ұйымына тиісті өтінішхат беру арқылы өтінім құжаттарына осы өтінім бойынша тиісті шешім қабылданғанға дейін мәлімделген объектінің мәнін өзгертпей түзетулер мен нақтылаулар, сондай-ақ қорғау құжатын алу құқығын беру кезінде өтінім берушіні көрсетуге қатысты өзгерістерді енгізуге құқығы бар.

Өтінім құжаттарының түзетілуі мен нақтылануы ауыстыратын парақтарды ұсыну жолымен жүзеге асырылады. Ауыстыратын парақтар тиісті құжаттың әрбір данасына мемлекеттік тілде немесе орыс тілінде беріліп не құжаттың аудармасына мемлекеттік тілде немесе орыс тілінде беріледі және осы Қағидалардың талаптарын қанағаттандырады. Егер өзгерістер енгізгеннен кейін ауыстыратын парақтағы мәтін жарты парақты қамтыса немесе бұрын бір парақты қамтыған мәтін оның шегінен шығып жатса, сонымен қатар келесі беттер де ауыстырылады. Ауыстыратын беттерді ұсынған кезде ұсынылатын өзгерістердің қысқаша түсініктемелері ауыстыратын беттерге ілеспе хатта келтіріледі. Егер өзгерістер өтінім берушінің бастамасымен енгізілген болса, түсініктеме өтінім берушінің хатында көрсетіледі. Өтінім құжаттарына өтінім берушінің бастамасымен өзгерістер өтінім түскен күннен бастап екі ай ішінде енгізген үшін төлем алынбайды.

Егер библиографиялық деректерді көрсетудегі қателерге қатысты болса және құжатты түзету қайта шығару кезіндегі нақтылыққа қатысты теріс салдарға әкелмесе, түзетулер енгізу қажеттігі өтінім берушінің хатында ауыстыратын парақтарды ұсынбай-ақ айқындалады.

Өтінім берушінің қорғау құжатын алу құқығын беру кезіндегі нұсқауына қатысты немесе өтінім беруші атауының өзгеруі нәтижесіндегі өзгерістер, сондай-ақ өтінім құжаттарындағы техникалық сипаттағы қателерді түзету тиісті төлемді растайтын құжат болған жағдайда өнеркәсіптік үлгіні Мемлекеттік тізілімде тіркеген күнге дейін жасалады.

34. Авторлар құрамының өзгеруі деп өтініште көрсетілген авторды құрамға қосу немесе құрамнан алып тастау түсініледі.

Авторлар құрамына өзгерістер патент беру туралы жаңа өтінішті ұсыну жолымен енгізіледі.

Патент беру туралы жаңа өтінішке өтінімнің нөмірі және берілу күні көрсетілген авторлар құрамына өзгерістер енгізу туралы қолдаухат қоса беріледі. Авторды алып тастау жағдайында қолдаухатқа алынып тасталатын автордың қолы қойылады (үкіметаралық келісімге сәйкес берілген өтінім бойынша тек ұлттық авторлар мен өнеркәсіптік үлгілер авторлары үшін), оның қолы нотариалды түрде расталады. Алып тасталатын автордың келісімі өтінімнің нөмірі мен тіркеу күні көрсетілген жеке хат түрінде ресімделеді.

Егер автордың қол қоюы мүмкін болмай, оны авторлар құрамына енгізу жағдайында қолдау хатқа келесі тәртіпте ресімделген жазбаша келісім қоса беріледі:

автор қайтыс болған немесе оны қайтыс болды деп жариялау жағдайында оның атынан өзгеріс енгізу туралы келісімге мұрагері қол қояды, мұрагерлік құқығы туралы куәлігінің нотариалды расталған көшірмесін ұсынады;

егер сот Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 28-бабына сәйкес авторды хабарсыз жоқ деп таныса, мүдделі тарап соттың авторды хабарсыз жоқ деп тануы туралы шешімінің көшірмесін ұсынады;

авторды қабілетсіз немесе қабілеттілігі шектелген деп таныған жағдайда өзгерістер енгізуге келісімді оның атынан қамқоршысы немесе жанашыры қамқорлық белгілеу туралы сот шешімінің көшірмесін ұсына отырып қол қояды.

Егер осы тармақта көрсетілген құжаттар болмаса және/немесе ұсынылған құжаттар осы тармақтың талаптарына сәйкес келмесе, өтінім берушіге хабарлама жіберген күннен бастап үш айдың ішінде жоқ немесе түзетілген құжаттарды ұсыну туралы хабарлама жіберіледі.

Сұрау салынған құжаттар ұсынылмаған жағдайда жаңа өтініш берілмеген немесе қайтарып алынған болып саналады. Бұл туралы өтінім беруші хабардар етіледі.

35. Патент алу бойынша рәсімдік әрекеттерді жасау мерзімі уақыт кезеңімен анықталады, бұл уақыт барысында барлық әрекеттер атқарылады.

Егер мерзім "ішінде, кешіктірмей, өткенге дейін, күннен бастап..." деген сөз тіркестерімен сипатталатын болса, көрсетілген күннен кейінгі күннен бастап есептеледі. Мерзімнің соңы мерзімнің соңғы айының тиісті күнінде аяқталады. Егер мерзімнің соңғы күні демалыс күнге сәйкес келсе, мерзімнің аяқталу күні сол күнге жақын келесі күн болып табылады. Егер мерзімнің аяқталуы тиісті күн жоқ болып табылатын айға сәйкес келсе, мерзім сол айдың соңғы күнінде аяқталады.

36. Өтінім беруші сұрау салынған құжаттарды ұсыну мерзімі өтінім берушіге сұрау салу жіберілген күннен бастап үш ай ішінде тиісті қолдау хатты берген жағдайда ұзартылады. Өтінім беруші сұратылған құжаттарды ұсыну мерзімі ұзартылғаны туралы он жұмыс күні ішінде хабардар етіледі.

Қолдау хатқа тиісті төлемді растайтын құжат қоса беріледі.

Сұрау салынған құжаттар немесе қолдау хат үш ай мерзімде ұсынылмаса, өтінім қайтарып алынған болып саналады, бұл туралы өтінім берушіге он жұмыс күні ішінде хабарланады.

Бұл мерзім тиісті төлем жасалған жағдайда үш айдан аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін.

37. Өтінім берушінің өткізіп алған мерзімдерін сараптама жасау ұйымы мерзімді қалпына келтіру туралы қолдау хат (бұдан әрі – қолдау хат) бойынша қалпына келтіруі мүмкін.

Өтінім беруші қолдау хатты өткізіп алған мерзім аяқталған күннен бастап алты айдан кешіктірмей береді. Мұндай қолдау хат сараптама жасау ұйымына сараптама сұрау салған материалдармен немесе апелляциялық кеңеске қарсылықпен бір уақытта ұсынылады.

Қолдау хатқа осы Қағидалардың 5-тармағына сәйкес тиісті төлемді растайтын құжат қоса беріледі. Осы құжатты көрсетілген мерзімде ұсынбаған жағдайда қолдау хат берілмеген болып табылады, бұл туралы өтінім беруші он жұмыс күні ішінде хабардар болады.

38. Өтінім беруші берген өтінімін өнеркәсіптік үлгі тиісті Мемлекеттік тізілімге тіркелгенге дейін қайтарып алуы мүмкін.

Өтінімді қайтару туралы өтініш түскен жағдайда өтінім берушіге он жұмыс күні ішінде хабарлама жіберіледі және осы өтінімге қатысты іс жүргізу тоқтатылады.

Қайтарылған өтінімнің құқықтық салдары болмайды, ол бойынша ешқандай заңды әрекеттер жасалмайды және алдағы уақытта өтінім берушінің құқықтары бұл өтінімге негізделі алмайды. Қайтарылған өтінім өнеркәсіптік үлгінің патенттік қабілеттілік шарттарына сәйкестігін анықтауға қатыспайды.

Өтінімді қайтару туралы хабарлама жібергеннен кейін өтінім берушінің өтінімді қайтарып алу туралы өтінішін жарамсыз деп санау өтініші қанағаттандырылмайды.

3. Өнеркәсіптік үлгі өтінімін қарау тәртібі

39. Сараптама жасау ұйымына түскен өтінім материалдарын тиісті нөмір мен түскен күнін көрсете отырып тіркеу, мемлекеттік немесе орыс тілдерінде және өтінілетін өнеркәсіптік үлгінің кескіндемесі бар болған жағдайда жүргізіледі. Патент беру туралы немесе өтінілетін үлгінің кескіндемесі мазмұндалмайтын құжаттар тіркелмей және оны ұсынған тұлғаға қайтарылып беріледі.

Құжаттарды қарауға қабылданған фактісі туралы өтінім берушіге өтінімнің тіркеу нөмірі мен құжаттың түскен күні көрсетіліп он жұмыс күні ішінде хабарлама жіберіледі.

Қорғау құжатын беру туралы өтініш қазақ тілінде немесе орыс тілінде ұсынылады.

Қосымша құжаттар қазақ тілінде, орыс немесе басқа тілдерде ұсынылады. Егер қосымша құжаттар басқа тілде берілсе, өтінімге олардың қазақ тіліндегі немесе орыс тіліндегі аудармасы қоса беріледі.

Аударма сараптама жасау ұйымына басқа тілдегі құжаттарды құрайтын өтінім келіп түскен күннен бастап екі ай ішінде ұсынылады. Тиісті төлем жасалған жағдайда бұл мерзім ұзартылуы мүмкін, бірақ екі айдан ұзақ мерзімге ұзартылмайды.

Аударманы белгіленген мерзімде бермеген жағдайда өтінім берілмеген болып есептеледі.

Үшінші тұлғаның қорғау құжатын беру туралы мәлімет жарияланғанға дейін, Заңның 16-бабының 3-тармағымен қарастырылған жағдайларды есептемегенде, өтінімге қол жеткізуіне жол берілмейді.

Өтінім бойынша шығыс хаттарын сараптама жасау ұйымы өтінім беруші өтінімде көрсеткен хат алмасу мекен-жайына жібереді.

Сараптама жасау ұйымына тапсырылған өтінімнің расталған көшірмесі тиісті төлем туралы құжат бар болған жағдайда, шетелде патенттеу мақсатында өтінім берушінің өтініші бойынша беріледі.

40. Өтінім берілген күн сараптама жасау ұйымына өтінім берушінің ТАӘ немесе толық атауы, сипаттамасы, бұйымның (макеттің) суреті көрсетіліп өнеркәсіптік үлгіге қорғау құжатын беру туралы өтінішін қамтитын өтінім келіп түскен күн бойынша анықталады, ал егер, аталған құжаттар бір мезгілде ұсынылмаса, ұсынылған құжаттардың соңғысы келіп түскен күні бойынша анықталады.

41. Сараптама жасау ұйымына келіп түскен өтінім тіркелгеннен кейін оған формалды сараптама жүргізіледі.

42. Формалды сараптама жүргізілген кезде төмендегілер тексеріледі:

өтінімде қамтылатын немесе Заңның 19-бабы 2-тармағының бірінші бөлігінің 1) және 4) тармақшаларында көзделген қоса берілетін құжаттардың бар болуы;

жүргізілген төлемдердің белгіленген мөлшерге сәйкестігі;

патенттік сенім білдірілген өкілдің өкілеттілігін куәландыратын сенімхаттың ресімделуінің дұрыстығына тексерістің бар болуын қоса алғанда, өтінімді беру тәртібін сақтау;

бірыңғай шығармашылық ойды (өнеркәсіптік үлгі бірлігі талаптарын) сақтау;

ұсынылған қосымша материалдар, егер олар ұсынылса, өтінілетін өнеркәсіптік үлгінің мәнін өзгертпеуі;

ӨҮХС бойынша өтінім берушінің өнеркәсіптік үлгіні дұрыс сыныптауы;

өтінім түскен күннен неғұрлым ерте сұралатын басымдықтың негізділігі.

Формалды сараптама сатысында өтінім берілген күн және басымдық күні белгіленеді.

43. Құжаттарына қойылған талаптар бұзылып рәсімделген өтінім бойынша, өтінім берушіге ұсыныс жіберілген күннен бастап үш ай ішінде түзетілген және жетіспейтін құжаттарды беру ұсынысы жіберіледі.

Егер өтінім беруші белгіленген мерзімде сұрау салынған құжаттарды немесе

қолдаухатты ұсынбаса, өтінім қайтып алынған болып есептеледі, ол туралы өтінім берушіге о жұмыс күні ішінде тиісті хабарлама жіберіледі.

44. Сауал негіздері мыналар болып табылады:

өтінімде осы Қағидалардың 5-тармағының 1), 2, 3 және 4) тармақшаларында көзделген құжаттардың біреуінің болмауы;

өкілге сенімхатты ресімдеуге қойылатын талаптарды бұзу;

өтінімде қажетті мәліметтердің, сондай-ақ қолдардың және мөр оттискісінің болмауы, сондай-ақ өтініште келтірілген мәліметтерді нақтылау қажеттілігі;

белгіленген көлемдегі тиісті төлемді растайтын құжаттың болмауы;

оларды тікелей репродукциялауға кедергі келтіретін құжаттарды ресімдеуде кемшіліктердің анықталуы (өтінім материалдарын көруді қиындататын баспа сапасы, жолдар мөлшеріне, парақтар форматына қойылатын талаптар бұзылғанда);

Қазақстан Республикасында қорғалатын тауар таңбаларына үшінші тұлғалар құқықтарының бұзылу мүмкіндігімен байланысты мәселелерді анықтау қажеттілігі;

патент туралы мәліметтерді жариялау кезінде аталғысы келмейтін авторлар туралы мәліметтерден басқа, өтінімде жалпыға қол жетімді болып табылмайтын көздерге сілтемелердің не онда қамтылатын басқа да мәліметтерді жариялау мүмкін еместігін көрсетудің болуы;

өтінімде сұралатын неғұрлым бұрыңғы басымдықты белгілеумен байланысты мәселелерді анықтау қажеттілігі;

осы Қағидалардың өтінім материалдарына қойылатын талаптарын өтінілетін өнеркәсіптік үлгінің мәнін талдаусыз айқындалатын басқа да бұзушылықтардың бар болуы.

45. Өтінім берілген өнеркәсіптік үлгіні топтастыру ӨҮХС-ке сәйкес өтінім нысанын оны қандай да бір қолдану аясына қатыстыру мақсатында жасалады.

Топтастыру кезінде өнеркәсіптік үлгінің кескіндемесі, суреттемесі, сондай-ақ өтінімде бар болса, сызбалар топтама индексін (индекстерін) таңдау үшін негіз болып табылады.

Формалды сараптама сатысында белгіленген топтама индекстері мәні бойынша сараптама жасау барысында өзгерілуі мүмкін.

46. Өнеркәсіптік үлгі бірлігінің талаптары бұзыла отырып берілген өтінім бойынша өтінім берушіге қай өнеркәсіптік үлгісі қаралуға жататынын хабарлау және қажеттігіне қарай, өтінім құжаттарына нақтылауды енгізу туралы тиісті хабарлама жіберілген күннен бастап үш айлық мерзім ішінде сұрау салу жіберіледі.

Алғашқы өтінім материалдарына кірген басқа өнеркәсіптік үлгілер бөлінген өтінімдермен ресімделуі мүмкін.

Бөлінген өтінімдердің басымдығы сол өтінім беруші сараптама жасау ұйымына олардың мәнін ашатын алғашқы өтінімді берген күні бойынша белгіленеді, ал алғашқы өтінім бойынша неғұрлым ертерек басымдық белгілеуге құқығы болған жағдайда – егер, бөлінген өтінім сараптама жасау ұйымы алғашқы өтінім бойынша қарсылық беру мүмкіндігі таусылған теріс қорытынды шығарғанға дейін берілсе, оның басымдық күні бойынша белгіленеді, ал аталған өтінім бойынша сараптама жасау ұйымы оң шешім шығарған жағдайда – Қазақстан Республикасының Өнеркәсіптік үлгілердің мемлекеттік тізілімінде тіркелген күнінен бұрын белгіленеді.

Егер өтінім беруші өзіне бірлік талаптарының бұзылғаны туралы хабарлама жіберілген күннен бастап үш ай мерзімде өнеркәсіптік үлгілердің қайсысы қаралуға жататынын хабарламаған және нақтыланған құжаттарды ұсынбаған жағдайда, сипаттамада бірінші көрсетілген объектіні, сондай-ақ біріншісімен байланыстылығы өнеркәсіптік үлгінің бірлік талабын қанағаттандыратындай басқа да өнеркәсіптік үлгілерді қарау жүргізіледі.

47. Сараптама жүргізу кезеңінде өтінім беруші өз бастамасымен немесе сараптаманың сұрау салуы бойынша өтінілген нысанның мәнін өзгертпей өнеркәсіптік үлгіге өтінім

материалдарын толықтыруу, нақтылауы немесе өзгертуі мүмкін.

Өтінілген өнеркәсіптік үлгінің мәнін өзгертпейтін қосымша материалдар өтінімнің материалдарына қосылады.

Өтінілген өнеркәсіптік үлгінің мәнін өзгертетін бөлігіндегі қосымша материалдар өтінімді қарау кезінде назарға алынбайды және дербес өтінім ретінде ресімделеді. Бұл туралы өтінім беруші хабардар етіледі.

Бұл ретте, дербес өтінім сараптама жасау ұйымы өтінім берушіге хабарлама жіберген күннен бастап үш ай ішінде берілсе, Заңның 20-бабының 3-тармағына сәйкес оның басымдығы қосымша материалдардың келіп түсу күнімен белгіленеді.

Егер қосымша материалдар осы Қағидалардың талаптарын сақтамастан ұсынылса, өтінім беруші олардың сараптама кезінде жалпы түрде немесе тиісті бөлікте назарға алынбайтыны туралы хабардар етіледі.

48. Егер өтінімде барлық қажетті құжаттар және оларға қойылған барлық талаптар сақталған болса, өтінім берушіге формалды сараптаманың оң нәтижесі және өтінімді беру мерзімі туралы он жұмыс күні ішінде хабарланады.

49. Сараптама жасау ұйымы формалды сараптаманы оң нәтижемен аяқтаған соң, мәні бойынша сараптама жасаған үшін төлемді растайтын құжатты ұсынған жағдайда өтінімнің мәні бойынша сараптама жүргізеді.

50. Мәні бойынша сараптама жүргізу сатысында:

өнеркәсіптік үлгі ретінде қорғалатын нысандарға өтінілетін ұсынысты қатыстыру мүмкіндігі белгіленеді;

көркем-конструкторлық шешімнің деңгейін анықтау үшін өтінілетін өнеркәсіптік үлгіге қатысты ақпараттық іздестіру жүргізіледі;

ақпараттық іздестірудің нәтижелері негізінде өтінілетін шешімнің патент қабілеттілігі шарттарына сәйкестігі тексеріледі.

51. Мәні бойынша өтінімге сараптама жүргізгенде, өнеркәсіптік үлгінің патент қабілеттілігінің жаңалығы мен ерекшелік шарттарына сәйкестікке тексерісті жүзеге асырады.

Егер өнеркәсіптік үлгінің тобына өтінім берілген болса, патент қабілеттілігі оған кіретін өнеркәсіптік үлгінің әр қайсысына қатысты тексеріледі. Топтың барлық өнеркәсіптік үлгілерінің патенттік қабілеті болған жағдайда ғана олардың патенттік қабілеттіліктері мойындалады.

52. Өнеркәсіптік үлгілер тобымен өтінім берілген өнеркәсіптік үлгі патенттік қабілеттілік шарттарына сәйкес келмеген жағдайда сараптама жасау ұйымы өнеркәсіптік үлгіге патент беруден ішінара бас тарту туралы сараптама қорытындысын шығарады.

53. Заңның 8-бабының 1-тармағына сәйкес, егер өнеркәсіптік үлгі жаңа және бірегей болса, құқықтық қорғау беріледі.

Егер бұйымның суретінде айқындалған және өнеркәсіптік үлгінің маңызды белгілерінің тізілімінде келтірілген өнеркәсіптік үлгінің маңызды белгілерінің жиынтығы өнеркәсіптік үлгінің басымдық күніне дейін әлемде жалпыға қол жетімді болған мәліметтерден белгілі болмаса, ол жаңа болып танылады.

Жаңалықты тексеру формалды сараптау нәтижесі бойынша қарастырылуға қабылданған, бұйым суретінде және өнеркәсіптік үлгінің маңызды белгілер тізбесінде көрініс тапқан өнеркәсіптік үлгінің белгілер жиынтығына қатысты жүргізіледі, егер формалды сараптау аяқталғаннан кейін өтініш беруші өзгерткен болса, маңызды белгілердің өзгертілген тізбесіне қатысты жүргізіледі.

Әрбір тұлға таныса алатын ақпарат көзінде қамтылған мәліметтер жалпыға қол жетімді деп танылады.

Жоғарыда аталған мәліметтерді жалпыға қол жетімділерге қатыстыру мүмкіндігін анықтайтын күні:

өнеркәсіптік үлгілер туралы мәліметтерді жариялау күні - оларды жариялау күні;

қол қойған күні жазылған баспа өнімдері үшін - аталған күні
өзге баспа өнімі үшін - жарыққа шығу күні немесе ол анықтау мүмкін болмаған жағдайда, баспада аталған жылғы айдың соңғы күні;

сақтауға берген мақала, шолу, монография және басқа да материалдар қол жазбалар үшін - сақтауға берген күні;

ғылыми-зерттеу жұмыстары, тәжірибе-конструкторлық және ғылыми-техникалық ақпарат органдарындағы басқа да конструкторлық, технологиялық және жобалық жұмыстарға түсіндірме жазбалар үшін - осы органдарға түскен күні;

нормативті-техникалық құжаттама үшін - оның уәкілетті органда тіркелу күні;

қолжазба құқығында басылған диссертациялар материалдары және диссертациялар авторефераттары үшін - олардың кітапханаға түсу күні;

көрмеге қойылған экспонаттар үшін - құжатпен расталатын оларды көрсетуді бастаған күні;

теледидар бойынша хабарлама үшін - сол хабарламаның күні, егер ол тиісті ақпарат тасушыда тіркелген болса.

Өнеркәсіптік үлгі, егер ақпарат көздерінде өнеркәсіптік үлгінің мәнді белгілер тізбесінде сипатталған, қаралатын өтінімдегі кескіндемелерде ұсынылған, барлық белгілерге ұқсас белгілер тән, көркем-конструкторлық шешімдер туралы мәліметтер анықталған болса, жаңалық шартына сәйкес деп танылмайды.

Өнеркәсіптік үлгінің жаңалығын анықтаған кезде Қазақстан Республикасында өнеркәсіптік үлгілерге басқа адамдар берген (қайтарып алынғандарын қоспағанда) өтінімдер және Қазақстан Республикасында патенттелген өнеркәсіптік үлгілер, олардың неғұрлым ертеректегі басымдығы болғанда ескеріледі.

Қаралатын өнеркәсіптік үлгі мәліметтері туралы, ақпарат көзі ретінде басымдығы ерте өтінім болып табылған жағдайда, өтінім қайтарылып алынбаған немесе қайтарылып алынған болып есептеледі.

Егер өтінім қайтарылып алынбаса және қайтарылып алу мерзімі өтпеген жағдайда, қаралатын өнеркәсіптік үлгіге өтінім берушіге оның мазмұны ашылмай, өтінім берушісі аталмай осындай өтінімнің бар болуы және өтінім бойынша бұрыңғырақ басымдығы бар өтінім бойынша анықтамалық анықталғанша өтінімді қарау кейінге қалдырылу мүмкіндігі туралы хабарланады. Егер өтінім беруші өтінімді қарауды кешіктіруге келіспеген жағдайда, өтінілген өнеркәсіптік үлгі жаңалық шарттарына сәйкес еместігі анықталады.

54. Өнеркәсіптік үлгі, егер оның маңызды белгілері бұйымның шығармашылық сипатын анықтайтын болса, бірегей болып танылады.

Өнеркәсіптік үлгіні ерекшелікке тексеру мыналарды қамтиды:

жақын ұқсастықты анықтау;

өтінілетін өнеркәсіптік үлгіні жақын аналогтан айыру, елеулі белгілерді анықтау (айырықша белгілер);

өтінілетін өнеркәсіптік үлгінің айыру белгілерімен сәйкес келетін, белгілері бар, көркем-конструкторлық шешімдер басымдығының күніне дейін әлемде жалпыға қолжетімді мәліметтерді анықтау.

Өнеркәсіптік үлгі, егер оның тізбеге енгізілген маңызды белгілерінің біреуі үшін осы белгі тән болатын көркем-конструкторлық шешімдер анықталмаса бірегейлік шарттарға сәйкес деп танылады.

Өнеркәсіптік үлгінің барлық елеулі ерекше белгілері үшін сол белгілері бар көркем-конструкторлық шешімдер анықталған жағдайларда, бірақ бұл белгілер қаралып отырған өнеркәсіптік үлгіде анықталған көркем-конструкторлық шешімдерге тән емес эстетикалық және/немесе эргономикалық ерекшеліктердің баршылығын қамтамасыз ететін жағдайларда, ол бірегейлік шарттарға сәйкес деп танылады.

Бұйымдарда қамтылатын өнеркәсіптік үлгі сол бұйымның эстетикалық және/немесе эргономикалық ерекшеліктеріне ықпалы расталмағанда, мәнді белгілер тізбесіне өтінім

беруші енгізген белгілермен ғана жақын аналогтан айрылғанда;

танымалмен салыстыру бойынша тек көлемі өзгерсе, элементтердің саны көбейсе немесе бұйымның түсі өзгерсе (бірақ қолористикалық шешімі емес);

жеке алынған қарапайым геометрикалық көлем немесе жеке алынған қарапайым геометрикалық фигура түрінде;

басқа техникалық негізде орындалған, тиісті маңыздағы бұйымдарға қатысты, қалпын қайталағанда;

сыртқы пішіні танымал нысандардан қайталанған, сыртқы түрі ұқсас әртүрлі маңыздағы екі нысан белгілі болғанда;

олардың сыртқы түрін өзгертпей, жекелей белгілі бұйымдары жасалған жиынтығында (комплектісі) жаңалық жағдайына сәйкес емес деп танылады.

55. Мәні бойынша өтінімге сараптама жасау кезінде сараптама жасау ұйымының өтінім берушіден сараптама жасау оларсыз мүмкін емес құжаттарды, соның ішінде маңызды белгілердің өзгерген тізімі бар қосымша материалдарды сұратуға құқығы бар.

Сараптама жасау ұйымының сұратуы бойынша қосымша материалдар сұрату жіберген күннен бастап үш ай ішінде өнеркәсіптік үлгінің мәнін өзгертпестен ұсынылады.

Мерзім осы Қағидалардың 5-тармағына сәйкес тиісті төлем жағдайында ұзартылады, бірақ бұл мерзім үш айдан аспайды.

Өтінімді қарау кезінде қосымша материалдардағы өнеркәсіптік үлгінің мәнін өзгертетін бөлікте назар аударылмайды және өтінім беруші дербес өтінім ретінде ресімдейді, ол туралы өтінім беруші он жұмыс күні ішінде хабардар етіледі.

Егер өтінім беруші белгіленген мерзімде сұратылатын материалдарды немесе белгіленген мерзімді ұзарту туралы қолдаухат ұсынбаса, өтінім қайтарып алынды деп саналады.

56. Егер мәні бойынша өтінімге сараптама жасау нәтижесінде сараптама жасау ұйымы өтінім берілген ұсыныс өтінім беруші сұрап отырған құқықтық қорғау көлемінде өнеркәсіптік үлгінің патенттік қабілеттілік шарттарына, атап айтқанда жаңалығы мен бірегейлігіне сәйкес келетінін анықтаса, белгіленген басымдықты көрсете отырып, өтінім берушімен келісілген маңызды белгілерінің жиынтығымен сараптама жасау ұйымының патентке оң қорытындысы беріледі.

57. Өтінім беруші сұрап отырған құқықтық қорғау көлемінде өнеркәсіптік үлгінің патенттік қабілеттілік шарттарына сәйкес келмейтіні анықтаса, сараптама жасау ұйымының теріс қорытындысы беріледі.

Сонымен қатар, егер өтінім өнеркәсіптік үлгі ретінде қорғалмайтын объектілерге қатысты болса және егер өтінім беруші ұсынылған маңызды белгілер жиынтығы өтінімнің алғашқы материалдарында болмаған белгілерді қамтитыны туралы хабарламадан кейін маңызды белгілердің жиынтығын өзгертпесе, немесе өнеркәсіптік үлгі ретінде қорғалатын объектіден басқа өнеркәсіптік үлгі ретінде қорғалатын объектілерге жатпайтын ұсынысты сипаттаған жағдайда, немесе Заңның 24-бабының 6-тармағына сәйкес өнеркәсіптік үлгінің бірлік талаптары бұзылуына байланысты оған қатысты қарау жүргізілмеген жағдайда сараптама жасау ұйымының теріс шешімі шығарылады.

58. Мәнді белгілер тізбесін қарастыру кезінде суреттерде ұсынылған бұйымның өтінім беруші көрсеткен эстетикалық және/немесе эргономикалық ерекшеліктері бар сыртқы түрін қалыптастыру үшін жеткілікті мәнді белгілердің болуы анықталады.

Егер белгі суретте орын алса, бірақ өтінім беруші оны мәнді белгілер тізбесіне қоспаса және ол бұйымның сыртқы түрін қалыптастыруға ықпал етсе, өтінім берушіге бұл белгіні мәнді белгілер тізбесіне қосуға ұсыныс жасалады. Өтінім беруші мұндай өңдеуден бас тартса, өнеркәсіптік үлгінің патенттік қабілеттілігін тексеру кезінде сыртқы түрінің бұл ерекшелігі ескерілмейді.

Белгіні сәйкестендіру мүмкін болмаған жағдайда сараптау ұйымы өтінім берушіден түсініктеме сұрайды және/немесе өнеркәсіптік үлгінің суреттері мен сипаты негізінде

мұндай белгінің сипаттамасын өңдеп беруді ұсынады.

Өтінім беруші осы сала үшін ескірген немесе пайдасыз терминологияны пайдаланса, өтінім берушіге мәнді белгілер тізбесіне қажетті өңдеу енгізуге ұсыныс жасалады.

Егер белгі сәйкестендіруге келмесе, өтінім беруші мәнді белгілер тізбесін өңдеуден бас тартса, өтінімді қарастыру барысында мұндай белгі назарға алынбайды.

Егер мәнді белгілер тізбесін қарау кезінде оның құрылымы мен мазмұнына қойылған талаптарға сәйкессіздік байқалса, өтінім берушіге мәнді белгілер тізбесін өңдеу туралы ұсыныс жасалады.

Өтінімнің алғашқы материалдарында болмаған және сәйкес келмейтін белгілерді мәнді белгілер тізбесіне қосу туралы өтінім берушінің өтініші болса, өтінім берушіге бұл белгілерді көрсетпей тізбені беру ұсынысымен сұрау салынады.

59. Сарапшының сұрақтары, ескертпелері және дәлелденген ұсыныстары сұранымда, қажет болса, көркем конструкторлық мәселелері бойынша әдебиетке, ғылыми-техникалық әдебиетке, заңнама ережелеріне сұрақтары бойынша әдебиетке, ғылыми-техникалық әдебиетке, заңнама ережесіне сілтеме жасалып мазмұндалады.

60. Егер белгіленген мерзімде өтінім беруші сұрау салынған материалдарды немесе мерзімді ұзарту туралы қолдаухатты ұсынбаса, өтінім қайтарылып алынған болып саналады, ол бойынша іс жүргізу Заңның 24-бабының 8-тармағына сәйкес жалғастырылуы мүмкін, бұл туралы өтінім беруші хабардар етіледі.

61. Заңның 24-бабының 5-тармағына сәйкес, уәкілетті органның патент беру туралы шешімі негізінде сараптама жасау ұйымы он жұмыс күні ішінде өтінім берушіге сараптама жасау ұйымының қорытындысын және қорғау құжатын берген үшін баж төлеу қажеттігі туралы хабарлама жібереді.

Уәкілетті орган патент беру туралы шешім қабылдағаны туралы өтінім берушіге хабарлама жіберген күннен бастап үш ай ішінде өтінім беруші сараптам жасау ұйымына патентті беруге дайындау және жариялау үшін тиісті төлемді, сондай-ақ мемлекеттік баж төлеуді растайтын құжатты ұсынады.

Аталған құжаттарды ұсынбаған жағдайда, Заңның 24-бабының 5-тармағына сәйкес өткізіп алған мерзімді қалпына келтіру үшін төлем туралы құжатты ұсынған жағдайда төлем мерзімі үш ай ішінде қалпына келтірілуі мүмкін.

Кері жағдайда өтінім қайтарып алынған болып саналады, ол бойынша іс жүргізу тоқтатылады, ол туралы өтінім беруші хабардар етіледі.

4. Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік үлгілерінің мемлекеттік тізіліміне мәліметтер енгізу тәртібі

62. Өтінімді қараудың кез келген сатысында, Мемлекеттік тізілімге өнеркәсіптік үлгіні тіркегенге дейін өтінім беруші өнеркәсіптік үлгіге патент алу құқығын жазбаша жасалған және уәкілетті органда тіркелген шарт бойынша басқаға бере алады.

63. Патент беру туралы уәкілетті органның шешімі негізінде құжаттарды беруге дайындаған үшін тиісті төлем, сондай-ақ мемлекеттік баж төленгені расталған кезде, өнеркәсіптік үлгі оған тиісті нөмір беріле отырып, Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік үлгілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізіледі.

64. Өнеркәсіптік үлгілерді тіркеу кезінде мемлекеттік тізілімге Халықаралық ИНИД кодтарына сәйкес келесі мәліметтер енгізіледі:

- өнеркәсіптік үлгіні тіркеу нөмірі (қорғау құжатының нөмірі);
- өнеркәсіптік үлгінің халықаралық сыныптамасының индекс(тер)і (ӨУХС);
- өнеркәсіптік үлгіге өтінімнің нөмірі;
- өтінім берген күні;
- басымдылығы бар өтінім нөмірі;
- басымдылығы бар өтінімді беру күні;

Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымының стандарты бойынша басымдылығы бар өтінім елінің коды;

өнеркәсіптік үлгінің автор(лар)ы;
патент иеленуші (ел коды);
қорғау құжатын беру туралы мәліметтерді жариялау күні мен ресми бюллетень нөмірі;
өнеркәсіптік үлгінің атауы;
өнеркәсіптік үлгінің суреті;
өнеркәсіптік үлгінің елеулі белгілерінің тізімі;
осы құжат бөлініп алынған алдыңғы өтінімнің нөмірі мен өтінім беру күні;
осы құжатты рәсімдеуге негіз болған қосымша материалдар берілген алдыңғы өтінімнің нөмірі мен өтінім беру күні;
ел коды, қорғау құжатының түрі мен нөмірі, алғашқы жариялау күні мен бюллетень нөмірі.

Егер ДЗМҰ стандартымен қарастырылса, аталған мәліметтерді енгізуде жақшаларда тиісті ИНИД коды жазылып, жариялауда пайдаланылады.

5. Өнеркәсіптік үлгілерге қорғау құжатын беру тәртібі

65. Уәкілетті орган Мемлекеттік тізілімге енгізілген мәліметтер негізінде Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес патент береді.

Уәкілетті орган патент иеленушіге өнеркәсіптік үлгіге патентті ресми бюллетеньде өнеркәсіптік үлгіге патент беру туралы мәліметтерді жариялаумен бір уақытта өтінім берілген күннен бастап он екі ай өткен соң береді.

Аттарына патент беру сұратылатын бірнеше адамдар болса, оларға бір қорғау құжаты беріледі.

Патент қазақ және орыс тілдерінде толтырылады.

Патент иеленуші болып табылмайтын, өнеркәсіптік үлгінің авторына, авторлығын куәландыратын ресми куәлік беріледі.

Патентте қазақ тілінде - «Енгізілген өзгерістер туралы мәліметтер осы патентке Қосымша түрінде жеке парақта келтіріледі» және орыс тілінде «Сведения о внесении изменений приводятся на отдельном листе в виде Приложения к настоящему патенту» деген жазба жазылады.

Өнеркәсіптік үлгінің кескіндемесі және оларға қосымша авторлар куәліктері қолына немесе берілген сенімхаттың көшірмесіне сәйкес өкілдің (патенттік сенімді өкілдің) мекен-жайына тапсырыс пошталық жіберіліммен патент иеленушінің заңды мекен жайына немесе өтініш беруші (патент иеленуші) өтініште көрсеткен немесе өтініш бойынша (жазбаша түрде) басқа мекен-жайға, жіберіледі.

Патент иеленушіге патент беру кезінде жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат немесе заңды тұлғадан патент алуға сенімхат талап етіледі. Шетелдік патент иеленушілерге патенттер мен ресми авторлық куәліктері уәкілетті органда тіркелген патенттік сенім білдірілген өкілге беріледі.

66. Осы Заңның 30-бабының 2-тармағының 2) тармақшасында аталған негізде тоқтатылған патенттің қолданылуы, патент иеленушінің өтінішхаты бойынша патентті күшінде ұстап тұру үшін төленетін төлемнің мерзімі өткен күннен бастап үш жыл ішінде қалпына келтірілуі мүмкін. Қалпына келтіру туралы өтінішхатқа патенттің қолданылуын қалпына келтіруге құжаттарды дайындағаны үшін және төлем мерзімі өтіп кеткен қолданылу кезеңінде оны күшінде ұстап тұру үшін төлемді растайтын құжат қоса беріледі.

Қолдаухатқа патент иеленуші (егер патент иеленушілер тұлғалардың тобы болса, өтінішке осы топқа кіретін адамдардың барлығы қол қояды) немесе патенттік сенім білдірілген өкіл, немесе сенімхат негізінде әрекет ететін өзге де өкіл қол қояды. Заңды тұлға атынан қолдаухатқа ұйымның басшысы не лауазымы көрсетіліп оған өкілет берілген өзге де адам қол қояды.

67. Қолдаухатқа мынадай құжаттар қоса беріледі:

Патенттің күшін қалпына келтіру жөнінде құжаттарды дайындаған және жариялаған үшін төлемді растайтын құжат;

өткізіп алған жыл (дары) патенттің қолданысын ұстап тұрған үшін төлемді растайтын құжат;

сенімхат (егер қолдаухат өкіл арқылы берілсе) немесе сенімхаттың көшірмесі (егер қолдаухат патенттік сенім білдірілген өкіл арқылы берілсе).

Сараптама ұйымы қалпына келтіру туралы өтінішхат берілген күннен бастап екі айдан кешіктірмей патенттің қолданылуын қалпына келтіру туралы мәліметтерді бюллетеньде жариялайды. Жарияланым күні патенттің қолданылуы қалпына келтірілген күн болып табылады.

68. Атауына және патент иеленушінің мекенжайына өзгерістер патентиеленушінің патент нөмірі және атауы өзгерген жағдайда төлем туралы құжат және тиісті өзгерістерді растайтын құжат қоса беріліп жазбаша өтінішхаты бойынша жүргізіледі.

69. Патентті біреуге беруден басқа, патент құқығы өзге адамға ауысқан жағдайда, өзгерістерді енгізу құқықтық мирасқорының қолдаухаты бойынша патент нөмірі мен төлем туралы құжат қоса беріліп жүргізіледі. Қолдаухатта құқықтық мирасқор туралы мәліметтер патентке құқықтың ауысуын растайтын құжаттардың расталған көшірмелері қоса беріліп көрсетіледі.

Өнеркәсіп үлгісіне өтінімді жасау,
ресімдеу және қарау, мәліметтерді
Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік
үлгілерінің мемлекеттік тізіліміне
енгізу, сондай-ақ қорғау құжатын беру
қағидаларына қосымша

Нысан № 1-ӨҮ

Кіріс нөмірі Түскен күні	(21) Тіркеу №	Берген күні Басымдығы
Өнеркәсіптік үлгіге Қазақстан Республикасының патенттің беру туралы ӨТІНІШ	«Ұлттық зияткерлік меншік институты» РМК-на Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігі, 010000 Астана қ. Сол жақ жағалау, Министрліктер үйі, Орынбор көшесі, 8 үй, 1-кіреберіс	
Төмендегідей құжаттарды тапсырып, өтініш берушінің атына Қазақстан Республикасының патентін беруді өтінемін. (71) Өтініш берушінің аты-жөні, әкесінің аты: (Толық аты-жөні немесе атауы және тұрғылықты жері немесе мекен-жайы көрсетіледі. 97 кодымен өтініш берушілер - авторлары тұрғылықты мекен-жайы көрсетіледі)		Стандарт бойынша елдің коды ДЗМҰ ST.3 (егер белгілі болса)
<p>ҰЗМИ РМК-ға берілген өтінімнен ерте күні бойынша басымдық сұралған кезде ғана толтырылады.</p> <p><input type="checkbox"/> Осы күн бойынша өнеркәсіптік үлгінің басымдығын</p> <p><input type="checkbox"/> белгілеуін өтінеміз.</p> <p>Париж конвенциясына қатысушы мемлекеттерді бірінші өтінімдерді беру (Заңның 20 б. 2 т.)</p> <p><input type="checkbox"/> 20 б. 4 т. сәйкес ҰЗМИ РМҚК-ға ерте тапсырылған өтінімі</p> <p><input type="checkbox"/> 20 б. 5 т. сәйкес ҰЗМИ РМҚК-ға ерте тапсырылған өтінімі (өтінім нөмірі _____, түскен күні _____) Ерте берілген өтінімнің қосымша материалдарының түсуі (Заңның 20 б. 3 т.))</p>		
бірінші өтінімнен ерте берілген өтінімнің N	Сұралатын басымдық күні	ST.3 бойынша елдің коды (конвенциялық басымдықты сұрағанда)
(54) өнеркәсіптік үлгінің атауы Заңның 9 б. 4 т. Талаптары сақталған		

(98) хат алмасу үшін мекен-жайы (толық пошталық мекен-жайы және адресаттың аты-жөні)
Телефоны: Факсі:

(74) Патент сенімді өкілі (толық атауы, тіркеу нөмірі) немесе өтініш берушінің өкілі
(толық аты-жөні немесе атауы)

Қосымша құжаттар тізбесі <input type="checkbox"/>	Даналардағы беттер саны	Даналар саны	патентті алу және өтінім беру құқығының пайда болу негіздемесі (құжатты ұсынылмай): заңның 10 б. 2 т. талаптары сақталған және жұмыс беруші болып табылады оның құқықтық мирасқор немесе жұмыс берушінің құқығын қайтадан басқаға беру оның авторы немесе жұмыс берушінің құқығын қайтадан басқаға беру мирастық құқығы (ҰЗМИ штампының орны)
<input type="checkbox"/> қосымша		<input type="checkbox"/>	
Мәнді белгілердің тізбесін қоса өнеркәсіптік үлгінің суреттемесі			
<input type="checkbox"/> бұйым кескіндемесінің жиынтығы			
<input type="checkbox"/> сызбалар және <input type="checkbox"/> басқа да материалдары			
өтінімді беру төлемі туралы құжаты			
Төлем мөлшерін азайтуға негіздемелердің растайтын құжат			
бірінші өтінімдер көшірмесі (конвенциялық басымдықтар сұралғанда)			
<input type="checkbox"/> өтінімнің шетел тіліндегі құжаттары			
<input type="checkbox"/> Патент сенімді өкілі немесе өкілдің уәкілеттілігін растайтын, сенімхат			

<input type="checkbox"/> <p>басқа да құжат (атап кету)</p>		
<p>(72) Автор(лары) (толық аты-жөні)</p>	<p>(97) Тұрғылықты жерінің толық пошталық мекен-жайы, егер белгілі болса ДЗМҰ ST.3 стандарты бойынша елдің коды</p>	<p>Патентті алу құқығын қайтадан беру, өтінім беруші(лер) және/немесе автор(лар)ы - қол(дар)ы</p>
<p>Мені (бізді)</p> <hr/> <hr/> <p style="text-align: center;">(А.Ж.Ә.А.)</p> <p>патент беру туралы мәліметтерді жариялағанда автор(лар)ы сияқты атамауыңызды сұраймын(мыз)</p> <p>Автор(лар) қол(дар)ы:</p> <p>Қолы</p> <p>Автор(лар) болып табылмайтын, өтініш берушілер қол(дар)ы, қол қойылған күні (заңды тұлғаның атынан қол қойылғанда басшы қолы мөрмен тіркеледі)</p>		